

2

Қоғам
тұрақтылығының кепілі

4

Орталық моншаның
ашылмаған сыры көп

Сыр бойы

№156 (21032) 14 қазан, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ДОНАЛЬД ТРАМПТЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трампты Газа секторындағы көптен күткен бейбітшілікті орнатуда елеулі дипломатиялық жеңіске жетуімен құттықтады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі мәлімдеді.

— Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті саяси ерік-жігерінің мықтылығын және халықтар арасындағы бейбітшілік пен келісім орнатуға шынайы ұмтылысын толық таныта білді деп санайды, — делінген хабарламада.

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қожановты қабылдады.

Президентке Палата қызметі туралы ақпарат берілді. Ерлан Қожанов депутаттар жұмыс барысында Президент Жолдауы мен ел дамуы бойынша берген тапсырмаларды заңнамалық тұрғыда уақытылы әрі сапалы қамтамасыз етуге ерекше мән беретінін баяндады.

Бүгінде 15 заң қабылданып, Сенатқа жолданды. Мәжіліс қарауында 77 заң жобасы бар. Жыл соңына дейін Құрылыс, Цифрлық кодекстер мен «Банк қызметі туралы» Заңды қабылдау жоспарланып отыр. Сондай-ақ сайлау, тұтынушылардың құқығын қорғау, құқықбұзушылықтың алдын алу секілді заң жобаларына қатысты жұмыс жүргізілуде. Депутаттар жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы заңнамаға түзетулер енгізуге, сондай-ақ креативті индустрия, ғылыми зерттеу аумақтарын дамыту, тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау, бағбандық шаруашылық серіктестіктерді мемлекеттік қолдау бойынша заң жобаларына бастамашы болды.

Заң шығару жұмысы жұртшылықтың, сарапшылардың және БАҚ өкілдерінің қатысуымен ашық жүргізілуде. Барлық саяси партиялардың фракциялары өз электроатынын сұранысына сәйкес ұсыныстарын белсенді түрде енгізіп жатыр. Маңызды заң жобалары Қоғамдық палатаның отырыстарында қаралады. Мәжіліс Төрағасының айтуынша,

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қайта жаңғыртудан өткен Қорқыт ата саябағында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы тал егу шарасына қатысты. Оған ҚР Парламенті Сенатының депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары және қала тұрғындары келді.



ЖАҢАРҒАН САЯБАҚҚА ТАЛ ЕГІЛДІ



«Қорқыт ата» кітабының 1300 жылдығына арнап орнатылған ескерткіш маңындағы саябақ 2002 жылы ашылған. Бүгінде толық жана-рып, тұрғындардың демалысына, серуендеуіне, балалардың ойнауына қолайлы орынға айналды.

Абаттандыру жұмыстары 38 828 шаршы метр аумақты қамтыды. Оның 1826 шаршы метрі — құрылыс алаңы, 13430 шаршы метріне брусчатка төселген, ал 23 572 шаршы метрі көгалдандырылған.

Саябақ аумағында заманауи субұрқақтар, спорт және балалар ойын алаңдары, серуен жолдары мен жарық шамдар орнатылған. Сондай-ақ келушілердің жайлы демалысы үшін орындықтар, шағын сәулеттік нысандар қойылып, көгалдандыру және суару жүйесі жүргізілген.

«СБ» ақпарат



Астана БОЛҒАН ЖЫЛДАР жаңғырды

Қызылорданың астана кезеңі туралы Президент архиві қорындағы материалдарды пайдаланып жазылған зерттеулерге сүйенсек, 1924 жылы 16 қарашада орталықты Орынбордан Ақмешітке көшіру іс-шараларын әзірлеу жөніндегі Киробком комиссиясының отырысы өтіп, оған Сұлтанбек Қожанов төрағалық еткен. Сол отырыста Ақмешіт қаласын зерттейтін комиссия құрылып, оның құрамына А.Кенжин төраға, М.Тынышпаев, С.Ақаев, тағы инженер мамандар кірді.

Дайындық жұмыстарының шығындары үшін комиссия төрағасына, яғни Кенжинге 200 000 рубль беріліп, 1925 жылдың 20 ақпанында Ақмешітке бару тапсырылды. Наурыздың 10-на қарай муниципалды және басқа үйлерді



г. Перевскъ. Берегъ рѣки Сыръ-Дары, выгрузка сексасуловыхъ дровъ



Суреттер шыққ. дереккөзден



Оңтүстік жаңа келбеті

ТӘУЕЛСІЗДІК ДАҢҒЫЛЫНЫҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ

Қала күні қарсаңында Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылының екінші кезеңі аяқталып, Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін жаңадан салынған автомобиль жолының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Оған ҚР Парламенті Сенатының депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, қала тұрғындары қатысты.



Суреттері түсірген Бағдат Есмаев

2-бет

Валюта бағамы:

\$ 539,06 kzt

€ 623,75 kzt

₸ 6,63 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі ☀️ +21°

☾️ +8°

Сәрсенбі ☀️ +17°

☾️ +8°

ДЕПАРТАМЕНТ БАСТЫҒЫ АҚТӨБЕГЕ АУЫСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кадрлық өзгерістерге орай өткен актив отырысында Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы Шаймерден Есенкелдиевті басқа қызметке ауысуына байланысты құрметпен шығарып салды. Ол ротация тәртібімен Ақтөбе облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы лауазымына тағайындалды.

— Әріптесіміз еңбек жолын қарапайым полиция қызметкерінен бастап, жоғары басшылық лауазымға дейін сатылап өскен азаматтардың бірі. Өңірімізде алты жыл нәтижелі жұмыс жасап, департамент жоғары жетістіктерге қол жеткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қылмыстық атқару жүйесін барынша жетілдіру қажет. Негізгі мақсат – сотталған адамды қоғамнан алшақтату емес. Тиісті тәрбие жұмысын жүргізу өте маңызды. Олардың бойына заң мен тәртіп құндылығын сіңіретін және қалыпты өмірге оралуына ықпал ететін озық тәсілдерді енгізу керек, – деген болатын.

Аймақта атқарылған жүйелі жұмыстардың арқасында кейінгі жылдары жазасын өтеушілерді еңбекке тарту



үлесі 68 пайызға өсті. №60 мекемеде 18 өндірістік цех іске қосылып, 400-ден астам бас бостандығынан айырылған азамат жұмыспен қамтылды.

Қылмыстық-атқару жүйесі инфрақұрылымын жақсарту бағытында жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, ауқымды жұмыс атқарылды. №60 мекемеге 91 млн теңгеге 97 электрондық есік орнатылып, №68 мекеменің емхана ғимаратына 171 млн теңгеге күрделі жөндеу жүргізілуде. Пробация қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында жергілікті бюджет есебінен 39 млн теңгеге серверлік жүйе орнатылып, 34 млн теңгеге 176 смарт-білезік алынды. Бұл шаралар қайта қылмысқа бару деректерін 28 пайызға дейін азайтуға мүмкіндік берді, – деді облыс әкімі.

Басқосуда Шаймерден Тәжіқұлұлына өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі мен облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Облыс прокуроры Ризабек Ожаров, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеуімбетов ізгі тілектерін жеткізді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ТӘУЕЛСІЗДІК ДАҢҒЫЛЫНЫҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жол инфрақұрылымын дамытуда атқарылған жұмыстарды атап өтіп, жиналған қауымды жаңа жолдың ашылуымен құттықтады.

— Қызылорда – мегаполис болмағанымен, қарқынды қалалық инфрақұрылым мен өмір сүру сапасын арттыру, экономиканы әртараптандыру бағытында нақты кадам жасаған қала. Халық саны жыл сайын өсуде, аймақ тұрғындарының шамамен 50%-ға жуығы облыс орталығында тұрады. Біз жұртшылықтың жайлы өмір сүруіне бағытталған, қауіпсіз, таза, қолжетімді әрі зияткер қала құру бағытында нақты қадамдар жасалдық.

Облыс орталығының негізгі көшелері – Шиелі ауданынан кіреберіс жол, Яссауи, Жақпасбай батыр магистралы көшелері төрт жолақты болып кеңейтілді. Бүгін міне, Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының екінші кезеңі аяқталып, ел игілігіне табысталауда. Қорқыт ата әуесжайының жаңа терминалынан бастап Гагарин көпіріне дейінгі 27,3 шақырым жол төрт жолақты болып салынды. Жол бойындағы Сыздық, «Жаңадария», «Шіркейлі» каналдары үстіндегі 3 көпір қайта жаңғыртудан өтіп, төрт жолақты болып кеңейтілді.

Бұл мақсатқа бюджеттен 23 млрд 962 млн теңге бөлінді. Жол инфрақұрылымын дамыту қалада өмір сүруді әлдеқайда ыңғайлы әрі қауіпсіз етіп, көліктердің кедергісіз қозғалысына оң септігін тигізеді.

Құрылыс жұмыстарын сапалы әрі мерзімде жүргізген «УАД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қызылордалықтардың атынан шынайы алғысымды білдіремін. Әрдайым бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ырысты болсын! Жаңа жол берекенін бастауына айналсын! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде жаңа жолды сапалы етіп салуға үлес қосқан мердігер мекеме қызметкерлері Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Қоғам қайраткері Ибрагим Әбдібуллаев ақ батасын берді.

Тәуелсіздік даңғылының ашылу рәсімінде авто және велошеру ұйымдастырылды. Шеруде кейінгі жылдары заманауи техникамен қамтамасыз етілген салалардың көліктері көрсетілді. Атап айтқанда, соңғы үш жылда облыстың медицина ұйымдары мен жедел жәрдем станцияларына 270 жаңа санитарлық көлік, білім саласына 30 оқушы автобусы, қоғамдық көлік паркіне 300 жаңа автобус және 100 экотакси, төтенше жағдайлар қызметіне 31 өрт сөндіру техникасы, коммуналдық кәсіпорындарға 169 арнайы техника, ветеринария саласына 98 көлік берілген.

«СБ» ақпарат

1-бет

/// БРИФИНГ

ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың нәтижелі жұмысы аймақтағы қоғамдық саяси ахуалдың тұрақтануы мен қылмыстың төмендеуіне әсер еткен. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс прокуроры Ризабек Ожаров мәлімдеп, жыл басынан атқарылған жұмыстарға тоқталды.

— Прокуратура қылмыстық құқықбұзушылық профилактикасына ерекше назар аударлады. Қылмысқа бейім, бұрын сотты болғандармен нақты шаралар атқару мақсатында мобильдік топтар құрылып жұмыс жасауда, есепке алынған 1500-ден аса адамның мекенжайы мен жұмыс орны тексерілді. Нәтижесінде жекелеген қылмыс түрлері төмендеді. Оның ішінде: аса ауыр қылмыс 49, кісі өлтіру 17, тонау 31, қорқыттып алу 60, ұрлық 49, жол-көлік оқиғасы 24, зорлау 31 пайыз төмендеді. Сонымен қатар алаяқтық қылмыстардың себеп-салдары, оның алдын алу бағытындағы шаралар ұлттық банк, қаржы нарығын реттеу және 2-ші деңгейлі банктер мен микро қаржы ұйымдары өкілдерімен бірге үйлестіру кеңесінде қаралды. 255 жәбірленушінің 269 140 487 теңге несие төлемін іс бойынша процесстік шешім қабылданғанша тоқтату туралы ҚПК-нің 200-бабы талабына сәйкес 340 ұсыну енгізілді. Алаяқтық істері бойынша 389 дроппер (алаяқтар ұрлаған ақшаны өзінің банк картасы арқылы өткізетін адам) анықталып, 240-на қатысты сотқа дейінгі шагым түсірілді. Антифрод-орталығына күмәнді есеп шот транзакцияларын бұғаттау үшін 454 инцидент беріліп, нәтижесінде 432 есеп-шот бұғатталды, – деді Ризабек Кәрімұлы.

Прокуратураның бастамасымен жасанды интеллект мүмкіндігін қылмыстық процесте кеңінен пайдалануда «IT TERROR-GU», «Смарт-білезік», «Киберволонтер» және «қылмыссыз өңір» атты іс-шаралар жүргізілуде. Соның нәтижесінде жұмыс он-

тайланып, алтын сағат принципі негізінде «Киберпол» жұмысы жандандырылған. Бұл интернет-алаяқтардың арбауына түскен жәбірленушілердің арызын қабылдап, жылдам тергеу әрекеттерін жүргізуде тиімді. Көп эпизодты алаяқтықпен айналысқан 3 адамға қатысты тергеу аяқталып, іс сотқа жолдану сатысында. Бүгінгі күні алаяқтар түрлі айла-амалдарды қолданып, сенімді теріс пайдалану арқылы табысқа жетуде. Сондықтан жеке деректерді оның ішінде ЖСН, банк карта нөмірлері және телефоныңызға келген СМС кодтарды ешкімге бермеуді прокурорлар ескертті.

Сондай-ақ «Смарт-білезік» жобасы аясында жергілікті бюджеттен қосымша 37 млн теңге бөлініп, 200 білезік сатып алынууда. Пробация есебіндегі 80 адамға электронды бақылау құралы қолданылып, 8-і жаза өтеу талаптарын бұзуына байланысты түзеу мекемелеріне қайтарылған. Профилактикалық шаралардың арқасында қайта жасалған қылмыс 28%-ға төмендеген.

Облыс прокурорлары 200 мың адамның құқын қорғап, оның ішінде 13 мың адамның құқын қалпына келтірген. 3 мыңнан астам кәсіпкердің де құқығы қорғалып, оларға тиесілі 1,9 млрд теңге қаржы өндірілген. Мысалы, Қызылорда облысы бойынша Бақылау басқармасы тиісті актісіз құрылыс компаниясының қызметіне заңсыз тексеру жүргізіп, кәсіпкерді әкімшілік жауапқа тартқан. Алайда құқық қорғау мамандарының қабылдаған шаралары нәтижесінде басқарманың жауапты қызметкері соттың

қаулысымен әкімшілік жауапқа тартылды. Осы орайда прокуратура органдарының сүйемелдеуімен 743 млрд теңгенің 35 инвестициялық жобасы (48 кейс) бойынша кедергілер мен заңсыздықтар жойылды. Мысалы, Арал ауданында түйе сүтінен құрғақ ұнтақ дайындау жобасын жүзеге асырып жатқан «Qazaq Camel» серіктестігінің зауытында электр қуаты жетіспеуіне байланысты толық жұмыс істеуге мүмкіндігі болмаған. Бұл мәселе аудандық мәслихатқа қаралып, қаржы бөлінді. Қазір 650 квт электр энергиясын өндіретін қосалқы станция орнатылды.

Прокуратура органдары құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында акция өткізіп тұрады. Оның аясында 200-ден астам білім беру ұйымындағы құқықбұзушылыққа бейім 545 оқушы және өз міндеттерін тиісінше орындамаған 62 ата-ана анықталған. Сонымен қатар түнгі уақытта заңды өкілсіз жүрген 210 баланың ата-анасы әкімшілік жауапқа тартылған.

Бас прокуратураның тапсырмасына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде тексеру жүргізілуде. Медициналық қызмет үшін негізсіз 427 млн теңге мемлекеттік және жеке ұйымдарға аударылғаны анықталды. Бұл қаржыны қайтару үшін қалдағалық актілері енгізілді.

Жыл басынан 17 мың жұмысшаның құқығы қорғалып, 629,7 млн теңге жалақы өндірілді. «Жастар практикасы» бағдарламасының аясында жұмыспен қамтылған 2360 жұмыскерге 264 млн теңге жалақы қарызы төленді. Бұдан бөлек 58 орта білім беру ұйымдарының 1479 қызметкері арнайы киімдер мен жеке қорғаныс құралымен қамтылып, конституциялық құқықтары қалпына келтірілді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,

«Сыр бойы»

ДЕРТПЕН КҮРЕС ӨРТПЕН КҮРЕСТЕН КЕМ ЕМЕС

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін, мемлекеттік басқарудың тиімділігін төмендететін және азаматтардың құқықтарын бұзатын ауыр әлеуметтік-экономикалық дерт. Ол мемлекеттің заңдық негізін әлсіретіп, халықтың билікке деген сенімін жойып, жалпы әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Сондықтан бұл мәселенің кез келген ел үшін стратегиялық маңызы зор.

«Жанару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі жемқорлықпен күресудің қоғамдық негізін нығайтуға және қоғамды адалдыққа шақыруға бағытталған бірқатар іс-шараны жүзеге асырып келеді.

2013 жылдың 25 қарашасында өткен бірлестіктің құрылтай жиналысында «Жанару» қозғалысының Жарғысы бекітіліп, 3 желтоқсанда ресми түрде тіркелді. Осы күннен бастап бірлестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыстың негізін қалады.

Бірлестіктің басты мақсаты – ҚР Президенті жариялаған сыбайлас жемқорлықпен күрес шараларын қолдау, құқық қорғау органдарына қоғамдық қолдау көрсету және халық арасында жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

2022 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өткен кеңесте Мемлекет басшысы: «Қоғамның басты талаптарының бірі – әділдік пен заң үстемдігін орнату. Бұл жолдағы ең үлкен кедергі сыбайлас жемқорлық екені сөзсіз. Біз осы қоғамдық кеселді қалай да жеңуіміз керек. Бұған қатысты менің ұстанымым өзгермейді», – деген болатын.

Бұл мақсатқа жету үшін «Жанару» жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын анықтап, оларды жою бойынша талдау жүргізу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді көзқарасты қалыптастыру, қоғамдық бақылау құрылымдарын құру және дамыту, мемлекеттік қызметшілердің қызмет бабын теріс пайдалану фактілерін анықтауға көмектесу міндеттерін атқарады.

«Жанару» қозғалысы еліміз бойынша Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және 17 облыста филиалдар ашып, кең ауқымды жұмыс жүргізеді. Бұл филиалдар жергілікті деңгейде жемқорлықпен күрес шараларын ұйымдастырады, мемлекеттік органдармен тығыз байланыста болады.

Бірлестік мемлекеттік органдармен, әкімдіктермен, қоғамдық ұйымдармен меморандумдар мен келісімдер жасап, жемқорлыққа қарсы шараларды үйлестіріп отырады. Сондай-ақ халықаралық деңгейде де әріптестік орнатып, шетелдік ұйымдармен тәжірибе алмасады. Бірлестіктің БҰҰ сайтында ағылшын тілінде жеке паракшасы бар.

Қозғалыстың құрамында «Жас қыран» атты жастар ұйымы жұмыс істейді. Бұл жастар тобы қоғамдағы адалдықты, этикалық тәртіпті насихаттауға, жасөспірімдер мен студенттер арасында жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыруға бағытталған жұмыс жүргізеді. Жастардың қатысуы – қозғалыстың болашаққа деген сенімін арттырады.

Жақында Қызылорда облыстық сотында жас мемлекеттік қызметшілерге арналған арнайы кездесу өтті.

Кездесуде сот әкімшілігінің облыстық департаменті және «Жанару» қозғалысы облыстық филиалы тарапынан мемлекеттік қызметшілерге жалпыға ортақ моральдық және әдеп нормаларын сақтау, қарапайымдылық танытып, заң талаптарын бұзбау жол бермеу, сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерінен аулақ болу қажеттігі айтылды.

Мұндай іс-шаралар мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауатын арттыруға, адалдық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте қоғамдық бақылау – өте маңызды құрал. «Жанару» қозғалысы осындай бақылау жүйесін құруға және дамытуға үлкен мән береді. Қоғамдық бақылау арқылы халық билік органдарының жұмысына араласып, әділетсіздік пен заңсыздықтардың алдын алуға мүмкіндік алады.

Қозғалыстың арқасында көптеген өңірде қоғамдық мониторинг жүргізіліп, жемқорлық фактілері анықталған жағдайда тиісті органдарға дер кезінде хабарланады. Бұл әдіс жемқорлыққа төзбеушілікті арттырып, жауапкершілікті күшейтеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте білім мен ақпараттың рөлі өте зор. Қоғамға ашықтық пен әділдік ұғымдарын насихаттау арқылы ғана емес, әрбір азаматтың құқықтық сауатын арттыру арқылы да жемқорлыққа қарсы иммунитетті күшейтуге болады. Сондықтан «Жанару» қозғалысы бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қоғамның барлық топтарын адалдық пен заңдылыққа үндейді.

Сондай-ақ мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар арасындағы тығыз ынтымақтастық – жемқорлықпен күресте жеңіске жетудің басты кілті. «Жанару» қозғалысы осы бағытта түрлі жобалар мен бағдарламаларды іске асыра отырып, өзара сенімді нығайтуға және жемқорлыққа төзбеушілікті арттыруға күш салауда. Әрбір азаматтың қатысуымен және қоғамның белсенділік танытуымен ғана Қазақстан жарқын болашаққа сеніммен қадам басады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бұл тек қана мемлекеттік органдардың міндеті емес, ол барлық қоғам мүшелерінің ортақ ісі. Қоғамның жегісіне айналған дертпен күресудің қиындығы орманға тиген өртпен күресуден кем емес. Сондықтан да, әрбір іс-қимыл шаралары адалдық пен әділдік қағидаларына негізделген халықтың белсенді қатысуымен жүзеге асуы тиіс.

Қазіргі таңда көптеген ел жемқорлықпен күресуде инновациялық әдістерді қолданып, ашықтық пен есептілікті арттыруға бағытталған технологияларды енгізуде. Бұл – мемлекеттік қызметтің барынша ашық болуына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Қазақстан да осы үрдісті қолдап, цифрландыру мен электрондық қызметтерді дамыту арқылы жемқорлыққа қарсы тиімді шаралар іске асырылуда.

Жемқорлықпен күрес – ұзақ мерзімді, тұрақты әрі кешенді жұмысты талап етеді. Ол үшін заңнаманы жетілдіру, бақылауды күшейту және мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету қажет. Осы бағыттағы қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың рөлі ерекше. Олар халық пен билік арасындағы алтын көпір болып табылады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте азаматтардың құқықтарын қорғап, мемлекеттік органдардың қызметін қалағалайды. Сондықтан осындай ұйымдарды қолдау және олардың қызметін дамыту жемқорлыққа қарсы күрестің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күрес үшін барлық деңгейдегі білім беру жүйесінде құқықтық тәрбие мен этикалық нормаларды жетілдіру қажет. Жастарды адалдыққа баулу, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуын қамтамасыз ету арқылы ғана біз әділетті және ашық қоғамды құра аламыз. Осылайша, келешек ұрпақтың жемқорлыққа төзбеушілігі нығайып, елдің дамуы берік негізге сүйенеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қоғамдағы моральдық-әлеуметтік құндылықтарды нығайту маңызды орын алады. Әділеттілік пен адалдық қағидаларын ұстана отырып, әрбір азамат өз жауапкершілігін сезінуі тиіс. Бұл – тек жеке тұлғаның ғана емес, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етудің кепілі.

Сағатбек СҮЛЕЙМЕН,
«Жанару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы

/// ДЕНСАУЛЫҚ

ПСИХИКАЛЫҚ САУЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дүниежүзілік психикалық денсаулық күні жыл сайын 10 қазанда атап өтіледі. 1992 жылы алғаш рет атаулы күн ретінде белгіленген, сол уақыттан бері медицинаның бір бөлігі саналатын бұл салаға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл күні қоғамның психикалық саулықтың маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыруға, стигманы азайтуға және мамандар, ұйымдар мен азаматтардың күш-жігерін біріктіруге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады.

Бүкіләлемдік денсаулық қорғау ұйымының пайымдауынша, психика саулығы дегеніміз – адам ақыл-ойының, физикалық және эмоционалдық дамуының толыққанды жетілуіне ықпал етуші күй. Қазір белең алып бара жатқан аурудың бірі – депрессия. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, әлемде 300 миллионнан астам адам осы ауруға шалдыққан. Жүйке жүйесі, психикалық денсаулық – бұл көптеген жан назар аударулы ұмытып кететін нәрсе. Стресс, көп мүмкіндікке үлгіреміз деп аптығу, психикалық ауытқулардың негізгі себебі екенін айтады мамандар.

Жыл сайын суицидтің 140 мың оқиғасы Еуропада тіркеледі. Мамандар оған Қазақстанды да жатқызады...

Атаулы күнге орай облыстық психикалық денсаулық орталығында психиатр және нарколог дәрігерлер арасында «Облыстағы психикалық денсаулық қызметін дамытудың жаңа жолдары» тақырыбында конференция өтті. Конференцияны орталық директорының орынбасары Ақтөте Әліназарова ашып, атаулы күннің маңызына тоқталып, сала мамандарына жылы лебізін білдірді, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

Жиында психикалық денсаулықты

сақтау принциптері, аутизм тақырыбы, психиатриядағы емдеу тәсілдерінің жаңа бағыттары және нашакорлықпен күресу жолдары бойынша баяндамалар оқылып, мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, «Амбулаторлық тәжірибеде шизофренияны емдеудегі инновациялық тәсілдер» тақырыбында психиатр Н.Нурпейісовтің баяндамасы тыңдалса, «Ұзақ әсер ететін антипсихотиктердің басқа дәрі-дәрмектермен үйлесімі» туралы психиатр Н.Өтегенов хабарлама жасады. Сонымен бірге «Қоғам дертіне айналған синтетикалық есірткінің зардабы және онымен күресу жолдары», «Ойынқұмарлық және оның алдын алу», «Аутизм. Аутизмнің түрлері және ерте анықтау», «Нашакорлықты оңалтудың мақсаттары мен міндеттері» тақырыбында баяндамалар оқылды.

Жалпы психикалық денсаулық – бұл біздің өз әлеуетіміз бен қабілеттерімізді жүзеге асыру, күй-зелістерге төтеп беру, тиімді жұмыс



болған жылдар

жаңғырығы

«Ол кездегі Ақмешіт – екі етажды үйі бірен-саран ғана, өзге үйлерінің ба-сым көпшілігі бір етаждан, олардың ба-сым көпшілігі шикі кірпіштен қаланған, күйдірген кірпіштен салынған аумақты үйлері азғантай, көшелері тар және қисық. Сол көшелерінің екі шетіне де тізілген ағаштар (әсіресе, ақ теректер) қалың боп өскен, көшелерді жиектеп арық түскен. Мәркс пен Энгельс ата-латын екі көшесіне ғана тас төселген, өзге көшелерінің бәрі бұрқыраған шан. Үйлерінің төбелері тайпақ, әр үйдің қорасында жеміс бақшасы бар, Сырла-рияның теріскей жақ қабағына орнаған Азияның шағын ғана провинциялы қаласы екен». Бұл – Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінің» үшінші кітабында жазылған Ақмешіттің астана болған кездегі көрінісі еді.

1925-1926 жылдардағы Қызылордаға жасалған шолуда бұрынғы Перовск уездік қаласы, революциялық кезеңде Ақмешіт, бұрынғы орталық тораптық сауда жолы бар, бір кездері Орта Азия-дан тауар алдымен керуенмен, содан кейін Ташкент теміржолымен ағылғаны туралы жазылды.

Шолуда «1909 жылы Перовскідегі сауда саласы әлсіреп, содан кейін құлдырау басталды, артына револю-ция, азамат соғысы болды, мұның бәрі қала құрылысы мен абаттандыруды кейінге қалдырды. Құрылыстардың то-зығы жетіп, отынға мұқтаждықтан, Бог-данов, Балтабаев бақтары, қалалық бак, шіркеу жанындағы бак кесілді.

1925 жылға қарай қалада 941 үй болды, оның 126-сы муниципалды үй. Кірпіш еденді, пеші жоқ көптеген ки-раған ғимарат болды. Ақмешітті Аста-наға айналдыру шешімі қабылданған кезде 10 мың адам тұратын қаланың тозығы жеткен еді. Комиссияға 83 мем-лекеттік мекемені және 1300 қызмет-керді отбасымен шұғыл түрде орнала-стыру тапсырылған.

1925 жылы наурызда Ақмешітте төрт қаулы шықты: қала шегінде қоныс төтуге тыйым салу және ауалар мен көшелерді тазалап, қаланы тиісті сани-тарлық жағдайға келтіру туралы, кварти-комдар мен домкомдарға азаматтардың пәтерлері орналасқан кварталдардағы тұрғын үй алаңы туралы мәліметтер беру туралы, кохмозға ескертпей және жоспарсыз жаңа ғимарат тұрғызуға тыйым салу туралы, жер өлшеушілер қал-дырған геодезиялық белгілерге тиіспеу туралы.

Комиссия кеңесі 3-4 қы сайын кешкі сағат 8-9-ға дейін созылатын. Мемлекеттік мекемелердің қажеттілік-теріне арналған үй-жайлар ғана емес, құрылыс материалдары да жетіспейді. Совнаркомға қалаға шұғыл түрде ағаш, цемент, шыны, темір, шеге, пеш және есік, бояу және т.б. қажет екені жазы-лып, Кирторгқа осы құрылыс материал-дарын сататын сауда нүктесін ашу тап-сырылды. Комиссия несені Сырдария жағалауын нығайтуға және арық қазуға жұмсау керек деп санайды. Кирнарком-земге бак өсіру үшін шұғыл шаралар қабылдау ұсынылды. Жаңа астананың құрылысына 562 адам тартылды. 1925 жылы 10 наурызда қызметкерлер мен жұмысшыларды көшіру және орнала-стыру жоспары жасалды. Сол кездегі қажаттарда «сұтғын үй дағдарысы» де-ген тіркес жиі жазылған.

Комиссияның қаланы зерттеу нәти-желері туралы баяндамасында: «Екі апта ішінде 113 үй тексерілді, көпшілігі

жөндеуді қажет етеді. Жалпы 3870 80 шаршы метр тұрғын үй зерттелді. Жөндеуге 240 490 рубль керек. Бұдан басқа, 2202 бөлмелі және ауданы 7072 шаршы метр болатын 616 жеке үйдің есебі жүргізілді. Бір клуб пен кітапхана, үш монша бар, олар көшіп келуші тұрғындарға қызмет көрсетуге жетпейді. Комиссия жаңа моншалар салу үшін жер бөлді» деп жазылған.

Су құбырының сметасы жасалды, электр жарығы болмағандықтан тұр-ғындар керосин пайдаланады, электр-лендіру үшін 150 000 рубль қажет. Ақмешіт-Мәскеу тікелей байланыс те-леграф желісін орнату, радио, телефон желісін, көшелерге арық тарту керек. Арықтар бітеліңен, қаланың шеті қоқыс-қа толы. Канализация орнату үшін 440 мың рубльге жоба жасалды.

Комиссия қаланың бас жоспарына қатысты «қала болашақта солтүстік-шығыс бағытта өседі, қала ішінде де бос жер учаскелері бар. Жаңа ғимараттар салуға 2 340 000 рубль керек. Уақыт тығыз болғандықтан, болашақ қала жо-пары егжей-тегжейлі жасалған жоқ» деді.

1925 жылдың 1 наурызында комис-сия мәдени-ағартушылық мақсатқа бө-лінген ақшаны жаңа ғимараттар салуға бағыттауды сұрайды. Сонымен қатар, Кенжин қызметкерлерді көкөніспен қамтамасыз ету үшін бақшалық жер бөлуді ұсынады. Орынбордан білікті жұмысшыларды, ағаш ұсталарын, су-ретшілерді, тас қалаушыларды және т.б. әкелудің құны мен шарттарын анық-тауды сұрайды. 15 сәуірде қала атауы «Қызылорда» деп өзгертілгенмен құ-жаттарда, хат-хабарларда, директива-ларда ескі аты жазыла берді.

1925 жылы 24 сәуірде Совнарком комиссиясы мекемелердің Орынбордан Қызылордаға көшуінің күнтізбелік жо-спарын жасады. Үйлерді босату туралы хабарламаға қарамастан, тұрғындар оларды жөндеуге мүмкіндік бермей жатқаны құжаттарда айтылады. Мамыр айында Совнарком жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімнен бұрын, яғни 1 шілдеге дейін аяқтауды сұрайды және бұл үшін аймақтық қордан 50 мың рубль бөледі. Ақша астана құрылысына ғана емес, қызметкерлердің көшуіне де жұмсалды. Үкімет іссапарға жіберілген-дерге жаңа жұмыс орынында алғашқы үш айда қос тарифтік мөлшерлемесі төлеуге бұйрық берді.

Қызылордаға жол жүру құны бір адамға 15 рубль, сонымен қатар, жала-қыға үстеме төленді. Бірақ бұл да қыз-меткерлерді көшуге ынталандырмады. Совнарком төрағасы Абылай Серғазиев мекемелерге бұрынғы жұмыс берушінің келісімінсіз қызметкерлерді жұмысқа қабылдамауды ұсынды.

Жаңа астананың көшелеріндегі көң, күл-қоқыс, үй жануарларының қалдық-тарынан адам тезісіз иіс шығатын. Комиссияның хабарлауынша, көшелер бір ай бойы тазартылды, қоқысты өр-теуге тура келді. Су сорғысы шұғыл жөнделді, онсыз көше шаңын басу мүмкін емес еді. Сол жылы тамызда 22 көше фонарын және 400 шам сатып алу арқылы қаланың аз бөлігі жарық-тандырылды. Керосин мен шам са-тып алудың қиындықты сол кездегі газеттерде де жазылған. Қала сумен қамтылмағандықтан, көшедегі арық-тарды тұрғындар үнемі ластаумен бо-латын. Мал суарып, құрылысқа қажетті лай жатқызды. Көшелердегі тазалық

жай қаланың астана статусына сай келмейтін. Біртіндеп квартал староста-лары сайланып, бұл мәселе де ретке келе бастады.

Маусымның 1-і күнгі кеңесте қала-ның айналасына қорғаныс құрылыстары салынбағаны, көгалдандыру үшін егіл-ген көшеттердің шықпай қалғаны, жаға-лауды нығайтуға берілген несиенің бас-қа мақсатқа жұмсалып кеткені айтылған. Мәскеу тікелей телеграф желісін бер-меді, адамдарды көшіру қиын болған-дықтан жөндеу жұмыстары алға баспай жатыр, құрылыс материалдары жет-пейді. Дегенмен, Тынышпаев муницип-алды үйлерді жөндеу жұмыстары 25 маусымға дейін аяқталады дейді.

Комиссияның қаржылық жағдайы да жетісіп тұрған жоқ, орталықтан қаржы түспейді. Жұмысшылар есеп айырысу-ды талап етіп жатыр. 232 үйді жөндеу керек, бірақ ақша, жұмысшы жоқ. Кен-жин өте қиын жағдайда жұмыс істеп жатқанын жазған.

Аталған комиссия өз жұмысын 1925 жылы қарашада аяқтап, Қызылорда қаласын одан әрі қарай салу жөніндегі барлық міндеттерін НКВД жанындағы құрылыс-техникалық комитетке тап-сырды. Сонында жаңа қаланың аумағын белгілеп, алдағы 40 жылға арналған жоспарын құрды. Құрылыс-техникалық комитет құрылып, партия мектебі, мек-тептер, ауруханалар және т.б. ғимарат-тардың құрылысын жобалады. Комис-сия жұмысының нәтижелері туралы айтатын босақ, «бірінші кезекте үй-жайды дайындаумен айналысты, 1081 қызметкері бар 83 мемлекеттік мекемені орналастыру қажет болды. Мекемелер мен қызметкерлерді отбасыларымен ор-наластыру үшін 10 288 шаршы метр үй керек еді. Комиссияның алдында тұрған басшы мәселе – тұрғын үйлерді ұтымды бөлу. Жаңа құрылыс салынғанға дейін сарайлар, қоймалар, сауда орындарына тез арада орналастыруға мәжбүр болды» деген қорытынды шығарылды.

1925-1926 жылдары жайлы өмір іздеп елдің түкпір-түкпірінен ағылған адамдар жаңа астанаға келіп жатты, бірақ тіркеу жүргізілмеді. 1926 жылы мұнда 24 мың адам өмір сүрді. Құрылыс салынғанына қарамастан, тұрғын үй жетіспейді. Жеке құрылыс рұқсатсыз және бақылаусыз салынды, шамамен 150-ге жуық үй тұрғызылды. Заңмен рұқсат етілген құрылысқа бюрократия тұсау болып, баяу жүрді. 1925 жылмен салыстырғанда 1926 жылы құрылыс жылдана бастады. Құрылысқа 1600 000 рубль бөлінеді деп күтілген еді. Бұл қаржыға үкімет ғимаратын салу, су құбырын жүргізу және электр станция-сын кеңейту, өзен жағалауын нығайту көзделді. Бірақ 1 миллион рубль ғана бөлінді. Оған 25 тұрғын үй, аурухана, диспансер, кір жуатын орынды салып бітіру, электр станцияларын толық жаб-дықтау, Сырдария жағалауын бекіту ту-ралы шешім қабылданды.

Мемлекеттік мекемелер қызметкер-леріне арналған үйлердің типтері бе-кітілді. Кімдікі жағдайға орай, бір жағынан жерасты суы жақын болған-дықтан үйлерді бірқабатты етіп салу туралы ұйғарым жасалды. Бір жина-лыста инженерлер «Шығыстық климат жағдайында бірқабатты үйлер ыңғайлы. Американдық миллиардерлер бос жер жоқ болғандықтан, аспанға қарай өрлеп бара жатыр, ал Қызылордада 50, 100 жылдан кейін де мұндай мәселе туында-майды» деген уәж айтыпты.

Жоспар бойынша қала ескі және жаңа бөлікке бөлінуі тиіс еді. Жаңа құрылыстар жүріп жатқан бөлікте сани-тарлық нормалар, қауіпсіздік ережелері ескерілді. Көшелердің ені кем дегенде 20 сажын, ал тұйықтар 18 сажын болып, екі бетіне тал егілуі, жолы трамвай, ат және моторлы көлік жүретіндей болу керек деген талаптар қойылды.

Көшелерге тас төселмегендіктен, қала шаңнан көз ашпайтын еді. Қайта-кайта су сеуіп тұру туралы шешім қа-былданғанмен, ол да тапшы. Ақырында үй иелеріне іргелеріне, сауда палат-каларының иелеріне айналасына тас төсеуді міндеттеді.

Қаланың айналасындағы 8 кірпіш зауыты үздіксіз жұмыс істеді. Бірақ сырттан тасымалданатын ағаш, цемент, шыны жетіспейтін. Материалдар құры-лыс басына түйемен жеткізілетін.

Сол 1925 жылдың соңына дейін жүрген құрылыс маусымындағы қиын-дықтар тұрғын үйлердің салу құнын арзандатуға мәжбүр етті. Үйлердің жа-нына салынатын сарай, құдық, басқа да қосымша құрылыстарды ортақ етіп, шаруашылыққа арналған құрылыстарды іргетассыз салу арқылы үнемдеу ұсы-нылды. Осылайша маусым айынан жел-тоқсанға дейін 29 ғимарат бой көтерді. Үш жылдың ішінде 20 млн сомға құрылыс жоспары жасалды.

Тұрғын үй ғана емес, мектеп пен аурухана да жетіспеді. Бір жыл ішінде оқушы саны 374 адамға көбейді. Мек-тептер 230 адамды қабылдай алмады. Қызылорда ауруханасында бір жыл ішінде төсек саны 15-тен 60-қа дейін өсті. 1925 жылы 656 адам ауруханаға жатқызылған. Бірінші орында тубер-кулез, содан кейін безтек, іш сүзегі, сүзек, скарлатина және тұмау тұрды. 45 төсектік аурухана, 6 кабинеті бар амбу-латория ашылды. 1925 жылы қарашада туберкулез және венерологиялық дис-пансерлер ашылды. Қалада қылмыс деңгейі жоғары болды, 833 іс қозғалды, көп жағдайда бұзақылыққа қатысты. Абаттандыру баяу жүрді, жол, жарық, су проблемасы шешілмеді.

Совнаркомның 1926 жылғы баян-дамасында «Атқарылған жұмыстарға қарасақ, бұл жерге әлі көп жыл мен комакты қаражат қажет болады» деп жазылған. Жергілікті билік су жүйесін өз күшімен ретке келтіре алмайды, арық пен су желісін жөндеу үшін айтарлықтай қаражат қажет.

1926 жылы шілдеде қалалық электр станциясы іске қосылды. Күніне 500 басқа дейін мал соятын орын қайта са-лынды. Қалалық саябақта жазғы ки-но ашылды. Екі көлік пен 18 адам-нан тұратын өрт сөндіру бригадасы құрылды. Сауда айналымы 9 есе өсті. Бірақ әлі де галантерее тауарлары қат, «дайын қойлектер мүлдем әкелінебейді» делінген бір есепте.

Жаңа астанадағы ең маңызды мә-селе азық-түлікке байланысты болды. Мұнда үн мен ет жеткілікті мөлшерде әкелінді, көкөністер тасымалданбады. «Жергілікті өнім жеткіліксіз, сондықтан бағасы қымбат, картпошты бір пұты 5 рубль. Жергілікті кооперацияның әл-сіздігінен көкөністерді басқа аймақ-тардан әкелу әлі де жолға қойылған жоқ. Сүт өнімдерін – сүт, май, ірімшік, жұмыртқа жеткізу мәселесі өткірі» деп жазылды 1926 жылғы есепте. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін қыста қала маңындағы дикандар 200 шаруа-шылықтан тұратын артельге бірігіп, Ауыл шаруашылығы банкінен тұқым, машина және малға 8000 рубль несие алды. Кооперативтің сүт фермасы құ-рылды.

1928 жылы Қызылорданың құрылы-сын тексеру туралы құрылған комис-сия 7 миллион рубльге жуық қаржы жұмсалған жұмыстардың нәтижесін төмен бағалаған. «Үйлерді дайындау мен жөндеуді басқарған жолдас Кен-жиннің комиссиясы бірқатар заңсыз әрекеттерге көл берді: жұмысшыларға тиесілі үйлерді басып алды, иелерінің келісімінсіз өз қаласы бойынша жөн-деді. Жұмыс жоспарсыз және смета-сыз жүргізілді, сапасы өте төмен, пеш-тер қызбады, едендер жарылды және т.б. кейбір үйлердегі жұмыс құны өте жоғары, кейде үйдің өзіндік құнына жетеді, кейде нақты шығындардан 5 есе асып түседі. Электр станциясын салу үшін қаланың шетінен орын таң-далғаны электр энергиясының құнын қымбаттатты. Құрылыс бюросының аппаратын ұстауға жұмсалған шығын құрылысқа жұмсалған соманың 26% -на дейін жетті» делінген комиссия есебінде.

Қазак Орталық Атқару комитеті төралқасы отырысының 1927 жылғы 3 наурыздағы хаттамасының үзіндісіне қарағанда, Қазақстан орталығын Қызыл-орда қаласына орнықтырудың эконо-микалық және табиғи қиындықтарға тап болғанын, Фрунзе-Семей теміржолы жүргізілуімен Алматы Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігін байланыстыра-тын ірі экономикалық пункт болатынын ескере отырып, ҚазІІК Президиумы мен Совнарком орталықты Қызылорда қаласынан Алматы қаласына көшіруге, қаулыны алдағы бүкілқазақстандық съезде бекітуге енгізуге, орталықты Қызылорда қаласынан Алматы қаласы-на көшіру туралы практикалық іс-шара-ларды пысықтау үшін Құлымбетовтің төрағалығымен құрамында Жолобов, Мусин, Тәтімов және Носов бар ком-миссия құруға қаулы еткен. Нәтиже-сінде 1928 жылдың күзінде астананы Алматыға көшіру туралы шешім қа-былданды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

ЖОБА

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республи-касы Кодексінің 69-бабының 4-тармағына және «Қазақстан Респуб-ликасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес әкспликация бойынша жер учаскелерін алып қоймай «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының желілік бөлігін пайдалану мерзіміне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» жауапкершілігі шектеулі серік-тестігі «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының желілік бөлігін және SCADA (ТОБЖ) телекоммуникация жүйесін ор-наластыру мен пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтасын.

3. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қаты-настары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі және Жанакорған аудандарының әкімдіктері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қауылдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жахановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н.Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімінің 2025 жылғы «__» №__ қаулысына қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің экспликациясы

№	Нысаналы мақсаты	Жер санаты	Қауымдық сервитут белгіленетін көлем (гектар)	
1	2	3	4	
Қызылорда қаласы				
1	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының желілік бөлігін және SCADA (ТОБЖ) телекоммуникация жүйесін орналастыру мен пайдалану үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	1,8968	
		босалқы жер	41,6731	
		Барлығы:	-	43,5699
Арал ауданы				
2	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының желілік бөлігін және SCADA (ТОБЖ) телекоммуникация жүйесін орналастыру мен пайдалану үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	67,3865	
		елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері	22,7258	
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	1,1183	
		босалқы жер	519,5924	
		Барлығы:	-	610,8230
		Қазалы ауданы		
3	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының желілік бөлігін және SCADA (ТОБЖ) телекоммуникация жүйесін орналастыру мен пайдалану үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	16,1919	
		елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері	16,0555	
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,5726	
		орман қорының жері	29,0596	
		босалқы жер	144,5964	
		Барлығы:	-	206,4760
Қармақшы ауданы				
4	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының желілік бөлігін және SCADA (ТОБЖ) телекоммуникация жүйесін орналастыру мен пайдалану үшін	өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,2053	
		орман қорының жері	51,2689	
		босалқы жер	206,1688	
		Барлығы:	-	257,6430
Жалағаш ауданы				
5	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының желілік бөлігін және SCADA (ТОБЖ) телекоммуникация жүйесін орналастыру мен пайдалану үшін	өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,0251	
		босалқы жер	69,9886	
		Барлығы:	-	70,0137
Сырдария ауданы				
6	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының желілік бөлігін және SCADA (ТОБЖ) телекоммуникация жүйесін орналастыру мен пайдалану үшін	өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,5528	
		орман қорының жері	44,6966	
		босалқы жер	153,8246	
		Барлығы:	-	199,0740
Шнелі ауданы				
7	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының желілік бөлігін және SCADA (ТОБЖ) телекоммуникация жүйесін орналастыру мен пайдалану үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	60,1877	
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,3787	
		орман қорының жері	94,9115	
		босалқы жер	97,9661	
		Барлығы:	-	253,4440
Жанакорған ауданы				
8	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының желілік бөлігін және SCADA (ТОБЖ) телекоммуникация жүйесін орналастыру мен пайдалану үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	164,9107	
		елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері	72,1148	
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,3689	
		босалқы жер	205,0206	
		Барлығы:	-	442,4150
		Жинағы:	-	2083,4586



Қызылорда қаласында сыны мен сыры сақталған 11 тарихи ғимарат бар. Қаланың ескі келбетін көз алдымызға әкелетін сондай ғимараттардың бірі – қалалық монша. Бір ғасырдан аса уақыт өтсе де бұл нысан өз бейнесін жоғалтпай қала өмірінің тынысын сақтап келеді. Тарихқа зер салсақ, нысан 1905-1990 жылдар аралығында монша қызметін атқарған. 1991 жылы ғимарат жекеменшікке өтеді.

ОРТАЛЫҚ МОНШАНЫҢ АШЫЛМАҒАН СЫРЫ КӨП



Суреттің авторы: Нұржан Нұржанов

Монша бір қабатты күйдірілген қыштан, тікбұрышты кескін жоспарында іргетасы ленталық бетоннан салынған. Үстіңгі жабында бетон болса, ішкі қабырғалары әктелген. Шатырының екі жағы да еністі, қаңылтырмен жабылған. Жалпы көлемі 2213 шаршы метр. Ғимарат жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енгізілген. Қазір қалалық моншаның иесі – қызылордалық белгілі кәсіпкер Нұрмұханбет Құрбанов. Ол моншаны 2012 жылы сатып алған. Жыл сайын кәсіпкерге облыстық ескерткіштерді қорғау басқармасының қызметкерлері келіп, осы тарихи нысанның сақталуын тексеретін көрінеді.

– Монша салынған кезде ол бір қабатты болды. Мен жөндеу жұмыстарын жасадым. О баста ашылған кездегідей ішінде бәрі сақталған. Ерлер мен әйелдерге арналған екі зал бұрынғы сәулетшілер ойлағандай орналасқан. Бірнеше жыл бұрын біз ауланы қазу барысында суга толы Николай кірпішінен салынған бөлмелерді таптық. Ондаған жылдар бойы суда тұрған кірпіштердің біздің заманымызда да сапалы және қолдануға жарамды болып шыққанына қатты таңғалдым, – дейді Н.Құрбанов.

Кәсіпкердің айтуынша моншаның жертелесінен антикварлық бөлмелер, сондай-ақ қараусыз қалған жерасты тоннелі бар. Жертеледен әйелдер мен ерлер залына бу жіберіледі. Қабырғалардың ішінде аркалардың бір бөлігін көруге болады. Әрі қарай қазу үшін ресми рұқсат қажет екен.

– Мен бұл аркалардың не үшін орнатылғанын әлі де білгім келеді. Ұлы Отан соғысындағы жаралыларға арналған лазарет не басқа да қажеттілік үшін салынған бөлме болуы мүмкін. Бұл жерде қазына да сақталған шығар деген ой келеді. Десе де, мұны біз әрі қарай зерттеу үшін міндетті түрде ресми құжат қажет. Менің ойымша, мұндағы кез келген ақпарат қызықты, өйткені бұл – біздің қаламыздың тарихы. Бала кезімде осы моншаға өзім де түстім, бірақ болашақта оның қожайыны боламын деп ойламадым. Ал сапасына келсек, нысанның салынғанына 100 жылдан аса уақыт болған. Әлі күнге дейін қала тұрғындарының игілігі үшін қызмет етуде. Қазір

әр үйде жуынатын бөлме, душ кабиналары болса да, халық моншаға келуін тоқтатқан емес. Моншаға түсу бұл қалалық мәдениеттің бір бөлігі және біздің қоғам қаншалықты заманауи болса да, ол ұмытылмайды, – дейді кәсіпкер.

Ал тарих ғылымдарының кандидаты Айтжан Оразбақов қалалық моншаның жертелесінен табылған тоннельді бір кездері Айтбай мешітінің астынан шыққан тоннельдің бір бөлігі болуы мүмкін екенін алға тартады.

– Жиырма жыл бұрын мешіттің жер астынан да тоннель таптық. Бірақ қала басшылығы оны зерттеуді тоқтатып қойды. Монша иесінің не тапқанын білу үшін ескерткіштерді қорғау мекемесі қызметкерлерінің қатысуымен қазба жұмыстарын жүргізуге қажет. Сонда біздің қаламыздың өткенінен сыр шертетін сурет қалпына келтіріледі, – дейді А.Оразбақов.

Профессор, белгілі өлкетанушы Мәди Кереевтің мәліметінше, XX ғасырдың басындағы Перовск шағын болса да, тарих пен өмір тынысы сезілетін ерекше қала болған. Сол кезде мұнда жеті мыңға жуық тұрғын өмір сүріп жатқан. Қала бар болғаны бір алаңның айналасына шоғырланған, бірақ әр ғимараты өз дәуірінің айғағындай.

Бүгінгі орталық алаң тұрған жерде сол замандағы қала орталығы орналасқан. Осы замандағы ең көне ғимарат әлі күнге дейін сақталып тұрған шіркеу еді. Ол кезде аумағы қазіргі мәдениет және демалыс саябағына дейін созылып жатқан. Ал дәл сол жылдары бой көтерген Айтбай мешіті де – ғасырлар сынынан өтіп, бүгінгі күнге аман жеткен тарихи мұра.

Сырдарияның жағасында сол уақытта әскери лагерьлер мен сарбаздардың қонысы болған. Қазір бұл орын бұрынғы әскери комиссариаттың маңында орналасқан. Сол тарихи кезеңде, яғни 1906-1907 жылдары, қала өміріне ерекше мән берген тағы бір ғимарат – орталық қалалық монша салынды.

Перовск шағын болғанымен әрбір кірпіші тарихтан сыр шертіп, әр көшесі өткен күннің ізімен өрілген. Қалалық монша – бүгінгі Қызылорданың өткеніне еске салып тұрған көне куәгердің бірі. Уақыт өткен сайын құнын жоғалтпай, керісінше, тарихтың алтын қазығына айналып келеді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

ТАҒЫЗЫМ

МАЙДАНГЕРДІҢ ЖАРЫ

Майдангер журналист Ахметжан Нүрекеев ұзақ жыл редакцияның ауылшаруашылық бөлімінде Құрманғали Ажаров, Ақберген Ержановпен бірге қызмет атқарып, зейнетке шықты. Жарты ғасырға жуық сүйікті жары Рабиға Нұржановамен өмір сүрді. Бүгінгі әңгіме майдангердің жары туралы болмақ.



Ахметжан ағамен ұзақ жыл қызметтес болдық. Майданнан жаралы болып оралған құрыш қазақтың мықтылығына сүйсінетінбіз. Екі бірдей жамбасынан жараланған ол қос балдақпен ғұмыр кешті. Күнделікті жұмысқа жұрттан бұрын келеді. Қыстың көзі қырауда, жаздың аптап ыстығында бірде жаю, бірде автобуспен жұмысына ерте келіп, үстелін тазалап, қалам, қағазын жинастырып, барып отырады. Жинақылықты жаны сүйеді. Сірә, бұл қасиет әскердегі тәртіптен басталса керек.

Мінезге бай, сырбаз аға осы күнгі «Сыр бойы» газетінде сонау соғыстан оралған бойда редакторлар Базарбай Сарбасов, Сүлеймен Сейітов, Зейнолла Жаркынбаев, Ұзақ Бағаев, Қалқабай Әбенов, Нұрділді Уәлиевтермен бірге қызметтес болды. Ұзақ жыл қызметте отырған сырын білгіміз келіп, сұрақ қоямыз.

– Аха, зейнетке шықпай, қызметте отыруыңыздың сыры неде?

– Ой, қарағым-ай, әскерден жаралы болып оралдым. Қарағанды госпиталінде алты ай жаттым. Бір орыс әйелі медбике еді, аузыма су тамызып, баладай күтті. Әскери хирургтер мықты гой, екі аяғымның сынған жерлерін жамап-жақап құрастырып қатарға қосты. Қос балдақпен жүруге мүмкіндік тулды. Содан Қызылорда ауруханасына оралып, мұнда да ұзақ емделдім. Хирург Акрам Ыдырысовтың қамқор құшағына кезіктім. Дәрігерлер екі аяғымды жамбастан кесуді ұсынды. Бірақ Акрам Ыдырысов бұған қарсы шығып отырып алды.

– Нүрекеевтің аяғын кеспейміз. Емдейміз. Осы аяғына балдақ беріп, ұзақ жыл жасайтын етеміз, – деп қараша-қараша қарсы шықты. Содан бүгінгі жетпіске аяқ басып отырмын, – дейтін қайсар жүректі жан.

Біз Аханды баяғы Павел Корчагинге ұқсатып, әңгіме өрбітіп, қуаттандырып отырушы едік. Аға әңгімешіл болатын. Сұрапыл соғыс, асыра сілтеу дәуірінен майын тамызса әңгіме айтатын-ды.

– Мен қызметте неге ұзақ отырмын, жігіттер. Соғыстан соң Рабиғаға үйлендім. Бес бала – ұл, қыз өсірдім. Бәріне жоғары білім беру керек болды, оқытуға қаржы керек. Содан жетпіске дейін редакцияда тапқылап отырып, зейнетке шықтым, – дейтін.

– Тағы бір әңгіменің басын қозғайын, тоқтандыр жігіттер, – дейтін аға өткен күндерді еске алып.

– Соғыстан жаралы болып оралдым. Білім орта, жұмыста қызметті жалғастыру үшін диплом керек болып, пединституттың тарих факультетіне сырттай оқуға түстім. Қос балдақпен жүріп, диплом алып шықтым. Енді не істеу керек. Жас болса ұдайып барады. Отбасын құру қажетті туды. Содан пединституттың қазақ тілі бөлімінде оқытқан Рабиға атты қызбен танысудың сәті түсті. Құда түсуге ағайын-туыс, журналист Орман Нұржабаев араласты.

Әзіл-оспақтың шебері Орман ә дегеннен Рабиғаның үйіне ат басын бұрды. Әңгімені Орман бастады.

– Біз бүгін Рабиғаға құда түсуге келдік. Жігіттің аты-жөні Ахметжан Нүрекеев. Сұрапыл соғыстан жаралы болып оралған. Семья құру керек... Сонымен келісім жасалып, Ахаң Рабиғаға қосылу тойын өткізді. Бұйрықты қойсаңызшы, Рабиға жаралы жауынгердің жанын түсініп, отау құрды. Бес бала сүйді. Бақытжан, Құралай, Құндызай, Бауыржан, Батырхан атты ұл-қыздар бірі инженер, бірі мұғалім мамандығын алып, шаңырақты биіктетті.

Асыл ағамыз Рабиға ұзақ жыл кітап саудасы мекемесінде сатушы болып, зейнетке шықты. Шаңырақтың бірілгін сақтап, құдалары жекжат құрды. Сексен жасап, дүниеден өтті. Немере-шөбере сүйді. Ақ жауып, арулап майдангер жары Аханды да пәни дүниеге аттандырды.

Шебер тігішші еді. Ұл-қыздарының киімдерін өзі тігіп, шеберханадан шыққандай етуші еді.

Өмір өзен секілді, ағысын тоқтатпайды. Зейнеткер Рабиға Нұржанова көзі тірі болса биыл 100-ге толар еді.

Рабиға Нұржанова әке мен анадан сауатты қалды. Әкесі Нұржанов Әбділда сағатты, әдебиет пен өнерді жаны сүйгіш азамат еді. Білікті сауда қызметкері болатын. 1937 жылы жазықсыз жалаға ұшырап кеткен.

«Әкемнен жастай қалдым. Бар-жоғы он жасымда болар. Қайран әкемнің қай жерде жерленгенін хабарсызбын. Бізден топырақ бұйырмады» деп отыратын.

Тағдырға не деуге болады. Асыл аға, сырбаз мінезді Ахметжан Нүрекеев пен оның жары Рабиға апайдың ғұмыры нағыз қайсарлықтың үлгісі.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық венерология диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кенесінің мүшесі лауазымдық қызметіне конкурстар жариялайды

Конкурс өткізілетін күні: Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

Конкурс өткізілетін орыны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №207 бөлме.

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: 120000, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Зейнолла Шүкіров көшесі, 7А, байланыс телефоны: 8(7242) 23-55-17, e-mail: korda_okvd@mail.ru «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық тері-венерология диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Негізгі қызметі: Қызылорда облысы халқына алғашқы медициналық-санитарлық дерматовенерологиялық көмек көрсету.

Бақылау кенесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кенесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірі:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) қазак және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) Кодекстің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталуы және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй мекенжайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-04-51 (3007).

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Кызылординский областной кожно-венерологического диспансера» управления здравоохранения Кызылординской области»

Дата проведения конкурса: по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, здание областного управления здравоохранения Кызылординской области, кабинет № 207.

Наименование предприятия с указанием места нахождения почтового адреса, телефона: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Кызылординский областной кожно-венерологический диспансер» управления здравоохранения Кызылординской области», 120000, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Зейнолла Шукирова 7А, контактный телефон: 8

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.